

«Бейнелеу» – суреттер мен бейнелер байқауы ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже әлеуметтік-экологиялық байқауды өткізу тәртібі мен мерзімін, қатысушыларға және Байқауға ұсынылатын жұмыстарға қойылатын талаптарды реттейді.

1.2. Байқау табиғат пен экология тақырыбы бойынша шығармашылықпен ой білдіру арқылы мектеп оқушыларының, университеттер мен колледждер студенттерінің, белсенділердің қоршаған ортаға деген қызығушылығын ынталандыру, сондай-ақ олардың экологиялық білімі мен мәдениетін қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

1.3. Байқаудың ұйымдастырушысы – «Эко Маңғыстау» ҰЕМ.

2. Байқауға қатысу шарттары

2.1. Байқауға 10 жастан 34 жасқа дейінгі жас азаматтар қатысуға құқылы;

2.2. Байқауға қатысу үшін Байқаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін әлеуметтік-экологиялық сипаттағы материалды дайындау қажет.

2.3. Байқауға қатысу ақысыз негізде жүзеге асырылады.

2.4. Байқау екі номинация бойынша өткізіледі:

— әлеуметтік-экологиялық сурет;

— әлеуметтік-экологиялық бейнеролик.

2.5. Суреттер байқауының жеңімпаздары екі жас тобындағы 5 номинация бойынша 3 жүлделі орындармен анықталады. Бейнероликтер байқауының жеңімпаздары 2 номинация бойынша 3 жүлделі орындармен анықталады.

2.6. Жұмыстар келесі тақырыптардың біріне сәйкес келуі керек:

5 номинация:

2024 жылдың 24 маусымынан 08 тамызына дейін

- Каспий күніне арналған «Каспийді бірлесіп сақтайық» - 12 тамыз (суреттер мен бейнежұмыстар)

2024 жылдың 01 қыркүйегінен 15 қазанына дейін:

- Менің экологиялық отбасым: біз табиғатқа қалай қамқорлық жасаймыз;
- Менің табиғатқа көзқарасым: мен үшін не қызықты және маңызды;
- Менің күнім: табиғатта уақытымды қалай өткіземін;
- Экологиялық суперқаһармандар: олар кім және қандай күштері бар;

2 номинация және 3 жүлделі орындары бар байқауға арналған тақырыптар. Санат: колледждер және университеттер студенттері, белсенділер.

1-номинация:

- Экологиялық бейімделу: біздің табиғатты сақтауға қосатын үлесіміз

2-номинация:

- Біздің заманымыздың экологиялық сын-қатерлері

3. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

3.1. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

«Каспийді бірлесіп сақтайық» номинациясы бойынша суреттер мен бейнероликтер 2024 жылдың 24 шілдесінен 08 тамызына дейін қабылданады.

Басқа номинациялар бойынша:

Бірінші кезең – 01.09.2024ж. бастап 2024 жылдың 15 қазанына дейін жұмыстарды қабылдау

Екінші кезең – 01.11.2024ж. дейін Сараптамалық кеңестің жұмыстарды сараптауы

Үшінші кезең – 15.11.2024ж. кешіктірмей Байқау жеңімпаздары жұмыстарының тұсаукесері, марапаттау

3.2. Байқауға қатысуға аталған мерзім ішінде ұсынылған, мазмұны осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келетін авторлық жұмыстар жіберіледі.

Жұмыстарға қойылатын техникалық талаптар:

Сурет А4 пішіміндегі ватман қағазына (қарындашпен, бояумен, гуашьпен) салынған түрінде тапсырылады.

Бейнеролик AVI пішімінде (ұзақтығы 300 секундтан аспайтын түрде) электрондық пошта арқылы тапсырылады. Әрбір бейнеролик сценарийдің мәтіндік сипаттамасымен бірге тапсырылады.

3.3. **Өтінімдер Байқаудың Ұйымдастыру комитетімен 15.10.2024ж. дейін otrazenie24@outlook.com электрондық поштасы арқылы қабылданады.**

«Каспийді бірлесіп сақтайық» номинациясы бойынша жұмыстар 2024 жылдың 08 тамызына дейін қабылданады.

Аталған мерзімнен кейін тапсырылған өтінімдер қарастырылмайды және Байқауға қатысуға жіберілмейді.

3.4. Байқауға келіп түскен барлық материалдар қайтарылмайды және рецензияланбайды және авторлық құқықты сақтай отырып, ұйымның жеке мақсаттары үшін пайдаланылуы мүмкін.

Әрбір номинация бойынша байқау марапаттары:

4. Байқау жеңімпаздарын анықтау тәртібі.

4.1. Байқау жеңімпаздарын анықтау мақсатымен Ұйымдастыру комитеті құрылады.

4.2. Ұйымдастыру комитеті әрбір байқау жұмысын келесі өлшемшарттар бойынша 10 балдық жүйе бойынша бағалайды:

- жұмыстың мәлімденген тақырыпқа сәйкестігі;
- мазмұнды ашудың дәлелділігі мен тереңдігі;
- сауаттылығы, шешімдердің кәсібилігі, әлеуметтік әдістер мен технологиялардың тиімділігі;
- байқау жұмысының әлеуметтік маңыздылығы, позитивтілігі мен креативтілігі (ой-пікірдің жаңалығы, сонылығы, ойлау икемділігі);
- баяндау тілі мен стилінің дәлдігі мен қонымдылығы.

4.3. Ұйымдастыру комитеті келіп түскен жұмыстар осы Ереженің шарттарына сәйкес келмеген жағдайда оларды қабылдамауға құқылы.

5. Марапаттау

5.1. Байқаудың қорытындысы бойынша жеңімпаздар әрбір номинация бойынша I, II және III орындармен марапатталады.

5.2. Байқау жеңімпаздары жүлделі орын көрсетілген Дипломдармен марапатталады және естелік сыйлықтар немесе ақшалай жүлделер алады.

5.3. Байқаудың барлық қатысушылары Байқау қатысушысы дипломын алады.

5.4. Жеңімпаздардың жұмыстары мүмкіндігінше бұқаралық ақпарат құралдарында, білім беру мекемелерінің ақпараттық стендтерінде, облыстық теледидарда, сондай-ақ «Эко Маңғыстау» ҰЕМ ресми сайтында/әлеуметтік желілерінде, авторларын міндетті түрде көрсете отырып, орналастырылады.